

Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 111 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 29 сәуірде № 10451-10 болып тіркелді "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

1) Қостанай облысы әкімдігінің "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 410 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3840 болып тіркелген);

2) Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 410 " Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2013 жылғы 9 қыркүйектегі № 387 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4229 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің дін істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов